

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы
Басқарма Төрағасы – І.Жансүгіров
атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ
ректоры, 3-г. д., профессор



Е. Бурибаев

2025 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Білім беру бағдарламалар тобы: D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің
педагогтерін даярлау

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды (өзгерістер мен толықтырулармен №372, 26.07.2024 ж.) және «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №30 шешімімен бекітілген.

8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 21-25 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы эссе жазудан және сұхбаттан тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте эссенің үлес салмағы 20 балды, әңгімелесудің үлес салмағы 30 балды, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан 50 балды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті көрсеткіш 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары тобы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы (PhD) ғылыми атағын алу үшін 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы ең төменгі деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №30 шешімімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білу:

- заманауи ғылым үрдісіндегі қазақ тілі мен әдебиетінің даму заңдылықтары мен жаңашылдықтарын;

Білуі керек:

- қазақ тілі мен әдебиетінің қалыптасу тарихы мен кезеңдері, жанрлары, дәстүрлері мен жаңашылдықтарын;

- лингвистика және әдебиеттану ғылымдарының басты бағыттары мен әдіснамалық қағидаттарын;

- әдебиет пен тіл бойынша түрлі ғылыми әдістердің қолданылу ерекшеліктерін.

Меңгеруі:

- әдебиеттану және тіл білімі саласындағы зерттеулерде жаңа көзқарастар мен тұжырымдарды ұсыну;

- академиялық мәтіндер мен ғылыми жұмыстарды жазудың стандарттарын меңгеру;

- қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің құрылымын толық меңгеру және оның шығармашылық қолдану тәсілдерін үйрену

Келесі кәсіби дағдыларға ие болу:

- әдебиеттану мен тіл білімі саласындағы басқа ғылымдармен кәсіби байланыс орнату және оларды іс жүзінде қолдана алу;

- қоғамдық және ғылыми қызығушылық тудыратын тақырыптар бойынша зерттеу жүргізу, оларды тіл мен әдебиет ғылымдарының дамуында пайдалану;

- Ғылыми зерттеулерде жоғары этикалық стандарттарды сақтай отырып, ғылыми адалдық пен жауапкершілікті меңгеру.

4. Сұхбаттасуды бағалау талаптары мен критерийлері

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбатты бағалау критерийлері:

№	Критерийі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды,	9

		ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Сіз неліктен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдап отырсыз?
2. Біздің жоғарғы оқу орны сіздің кәсіби дамуыңызға қандай пайдасын тигізеді деп санайсыз?
3. Сіздің келешекте жүргізетін зерттеуіңіздің ерекшелігі, болжамды нәтижесі мен ғылымға қосатын үлесі қандай?
4. Өзіңіздің кәсіби дағдыларыңыз бен зерттеу саласындағы нәтижелеріңізді айтыңыз. Оларды докторантурада оқуда қалай пайдаланасыз?
5. Қазақ тілінің қазіргі өзгерістерін қандай тұрғыдан зерттеп көрдіңіз және бұл мәселеге қандай ғылыми көзқараспен қарайсыз?
6. Сіздің ғылыми-зерттеу жұмысыңыздың тақырыбы қандай және оны зерттеудегі басты мақсатыңыз қандай?
7. Әдебиет саласында қазіргі таңда зерттелмеген немесе аз зерттелген қандай мәселелер бар деп ойлайсыз?
8. Зерттеу әдіснамасында қандай әдістерді қолданасыз? Неліктен оларды таңдадыңыз?
9. Әдебиеттану мен тіл білімі саласында қолданылатын негізгі теориялық бағыттарды атап, олардың қайсысын өз зерттеуіңізде қолданар едіңіз?
10. Қазіргі қазақ әдебиетін зерттеу үшін қандай ғылыми құралдар мен әдістер тиімді деп санайсыз?
11. Ғылыми жұмыстарды жазу барысында қандай стиль мен құрылымды қолданасыз? Неліктен?
12. Сіз зерттеу барысында алған нәтижелерді ғылыми журналда жариялауға қалай дайын боласыз?
13. Қазақ әдебиетінің классиктері мен қазіргі заман авторларын зерттеудегі негізгі қиындықтар мен оның шешу жолдары қандай?
14. Қазіргі таңда қазақ тілінің көптілді қоғамда дамуы қандай мәселелерге алып келеді деп ойлайсыз?
15. Көптілділік жағдайында қазақ тілінің сақталуы мен дамуына қандай ғылыми көзқараспен қарайсыз?
16. Тіл білімі мен әдебиеттану арасындағы байланыс туралы қандай ғылыми пікірлеріңіз бар?
17. Әдеби шығарманың тілдік құрылымын талдауда қолданатын негізгі әдістеріңіз қандай?
18. Ғылыми қауымдастықтағы өз орныңызды қалай көресіз? Халықаралық деңгейде өз зерттеуіңізді қалай насихаттайсыз?
19. Қазіргі ғылымдағы жаңа трендтер, қауіптер мен мүмкіндіктердің зерттеу жұмыстарының дамуына ықпалын бағалаңыз.
20. Ғылымның өзіңіздің жеке және кәсіби дамуыңыздағы әсері жайлы не айта аласыз?

5. Эссе түрлері мен бағалау критеріі

Эссе автордың пікірі мен пайымын айқындайтын тақырыптар және қазақ тілі мен әдебиетінің дербес ерекшеліктері, құрылымы мен жүйесі, зерттеу мәселелерін қамтитын мәселелер төңірегінде ұсынылатын болады.

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

Эссе бағалау критеріі

Критерии	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

6. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20

3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестігі сақталды, бұл үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға негіз болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50 балл

Білім беру бағдарламасы бойынша емтиханға дайындалуға арналған бағдарламалық тақырыптар жүйесі.

«Қазақ тіл білімі. Қазақ тілі білімінің жаңа бағыттары» пәні

1. Мәтін түрлері.

«Мәтін деп нені тануға болады?» деген сауалдан басталып, әр жанр, әр стильге тән мәтіндерді талдау, мәтінтүзуші факторларды (әлеуметтік, тарихи, т.б.) және мәтінтүзуші бірліктерді (лексикалық, фоносемантикалық, морфологиялық, синтаксистік) анықтау, мәтінді тұтастай жүйе ретінде алып қарастыру, бөлшектерге, сегменттерге бөлу, бүтін мен бөлшек арасынан логикалық байланысты көре білу, таба алу, т.б. мәтін түрлерін анықтауға себеп болады.

2. Мәтінді қоғамдық функциясына қарай түрге бөліну.

Мәтіннің қоғамда атқаратын қызмет түрлеріне қарай (әдеби тілдегі функционалдық стильдік бөлініс мәтін түрлерімен байланысты) көркем мәтін, публицистикалық мәтін, ғылыми мәтін, ресми мәтін, т.б. мәтін түрлері өмір сүреді. Мәтін түрлерінің қай-қайсысының да құрылымы күрделі, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар, соған қарамастан қалыптасқан ортақ заңдылықтарға бағынады.

3. Мәтін құрылымының элементтері.

Мәтінді түзу барысында белгілі бір мақсат көзделеді, мәтін арналатын өзіндік адресаты болады, адресатқа, қабылдауына лайық мәтіннің ақпары, ақпарды жеткізу формасы (оны адресант-автор таңдайды), мұнымен қатар адресанттың түсінуіне, қабылдауына қолайлы тілдік құрылымымен бірге тіл заңдылықтарына лайықталған құрылым элементтерінің жиынтығы болуы шарт, сол құрылым элементтерінің бір-бірімен байланысы арқылы түзілім пайда болады – ең ақырында, бәрі де мәтін түзуге қызмет етеді және бәрі де автордың таңдауына, ақыл-ойы мен парасат-пайымына қарай іске асады.

4. Мәтін синтаксисі.

Тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі қызметін көрсету, сол арқылы мәтін құрылымы мен мәтін түзілімінің, сондай-ақ мәтінді талдаудың үлгілерін көрсетуге болады. Әрбір сөйлем (жай сөйлем және оның түрлері, күрделі сөйлем оның түрлері, аралас сөйлем) семантикалық кеңістікті жасайтын және композициялық-синтаксистік құрылыс тудыратын шындық болмыс мәнді, ақиқатты нақтылайтын тілдік бірліктер.

5. Мәтін лингвистикасының негізгі ұғымдары мен терминдері.

Мәтін лингвистикасы – тіл білімі ғылымының жеке саласы, зерттеу объектісі – мәтін. Мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттарды қарастырады. Мәтін лингвистикасының қалыптасуы тіл білімі салаларымен бірге (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика), жалпыфилологиялық текстология, поэтика (және филологиялық емес ілімдермен де (философия, логика, психология, эстетика) байланысты.

6. Антропоэлектік бағыт.

Антропоэлектілік ерекше зерттеу принципіне негізделген жаңа бағыттардың бірі. Бұл принцип бойынша «тілдегі адам» немесе «адамның тілі» (кейде адамдағы тіл) проблемасы зерттеу нысаны болады. Антропоэлекті бағыт лингвистиканы ғылымның басқа салаларымен, тармақтарымен жалғастырады. Бұл бағыт тілді адам арқылы зерттеуді, зерттеудің басты тұлғасы етіп адамды алуды мақсат тұтады. Адам факторы тілдің негізгі факторына арналады.

7. Тілдік қатынас.

Қазіргі тіл білімінде тілдік қатынас екінші кезекте тұратын сипатынан ажырап, алдыңғы орынға шыға бастады. Сөйтіп прагматикалық лингвистиканың, өзінше бағыты мен ұстанымы бар лингвистикалық мектептің пайда болуына септігін тигізді. Қазіргі кезде

тілдік қатынас практикасын «сөйлеу актісінің теориясы» деп атайды. Тілдік қатынас өзекті проблема. Оны зерттеудің теориялық және практикалық маңызы бар.

8. Ғылыми мәтін синтаксисі.

Ғылыми мәтіндерде нақтылықтың сақталу мүмкіндігі зор. Ғылыми мәтін – мәтін лингвистикасында енді-енді қарастырыла бастады. Осы орайда өзекті болып табылатын мәселелер: ғылыми мәтіннің өзіндік белгілерін айқындау, семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерін ашу, т.т. Бұл мәтіннің басқа типтерімен олардың арақатынасын белгілеуде, мәтіннің әмбебап типологиясын жасау ісінде септігін тигізеді.

9. Қазақ тіл біліміндегі басым бағыттар.

Тілдегі құбылыстарды «тіл және адам» аясында қарастыру антропоөзектілік принципке құрылған бағытты қалыптастырса, оған қоса этнолингвистика, этнопсихология, психоллингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану, әлеуметтік лингвистика, контрастивті лингвистика және функционалды бағыттар, мәтін талдау, мәтін лингвистика – жаңа әрі басым бағыттар болып табылады.

10. Қазақ жазуының теориялық негіздері.

Тұрақты емлесі жоқ қазақ жазуы айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940 жылы жобаланып, 1957 жылы 5- маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті. Қазақ жазуының теориялық негіздері Қ.Күдерінова еңбектерінде зерттелді.

11. XX ғ. басындағы қазақ әдеби тілі.

Әдеби тілдің тарихындағы 1920-1930 жылдар аралығында қазақ тілі: мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқу-оқыту тілі; мекемелер мен ұйымдарда іс жүргізу тілі; мерзімді баспасөздің, радиохабарларының тілі; көркем әдебиет пен саяси-қоғамдық, ғылыми әдебиеттердің тілі бола бастаған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013.- 640б.
2. Фромкин В. Тіл біліміне кіріспе: Оқулық- 10-басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 608 б.
3. Нұрдаулетова Б. И. Когнитивтік лингвистика. - Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2015.- 312б.
4. Еспекова Л.Ә. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы.- Алматы: Эверо, 2014.- 104бет.
5. Жарылғапов Ж.Ж. Жанр және көркемдік әдіс.- Алматы: Эверо, 2016.- 256б.
6. Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. - Екінші басылым.- Алматы: Эверо, 2014.- 168б.

Қосымша:

1. Тамабаева, Қаракөз Ө. Көркем шығарма және оны талдау жолдары. (Т. Нұрмағамбетов шығармашылығы негізінде). - Алматы: Эверо, 2015.- 158б.
2. Тұрысбек Р. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті. - Екінші басылым.- Алматы: Эверо, 2015.- 432бет.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013.- 400бет.
4. Жұмағұлов А.Б. Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы.- Алматы: Эверо, 2015.- 208б.
5. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Абзал-Ай, 2014.- 640бет.
6. Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі

«Қазақ әдебиеттану ғылымы. Қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары» пәні

1.Тарихи - әдеби контекстегі әдебиеттану мектептері

Әлемнің жалпы дүниетанымдық көрінісіндегі әдебиеттің ғылым ретіндегі рөлі. Әдебиеттердің өзара қарым – қатынасы күшеюінің бүкіләлемдік көрінісі. Отандық және әлемдік әдебиеттану.

19ғ. әдебиеттану әдістерінің әдеби мектептермен байланысы. Әдебиетті зерттеудің бұрынғы әдістері мен әдебиеттің қазіргі әдістері. Әдеби процестің тарихи өзгерістерге ұшырау жолындағы әдеби мектептер: мифологиялық, биографиялық, тарихи – салыстырмалы, мәдени – тарихи, филологиялық, психологиялық, психоаналитикалық, әлеуметтік, әлеуметтік – тарихи.

2. Әдебиеттану ғылымының әдістемелік принциптері.

А. Лосев, С. Аверинцев, С. Артановский, В. Топоров, Д. Лихачев жұмыстарындағы әдебиет зерттеу әдістемелерінің теориялық негіздері. Әдебиеттану мектептерінің әдістемелік негізі. Тарихи тұрғыда әдебиет зерттеулерінің әдістемелері. Адам мен әдебиеттің кешенді зерттеулерінің қағидалары.

3. Биографиялық және психологиялық әдебиеттанудың әдістемесі.

Әдеби процеске деген тарихи көзқарастың қалыптасып, тууы. Сент – Бев және Брандестің биографиялық әдістері, өнер жайлы романтикалық теорияның рухты қалыптастырудағы әсері (Ш. О. Сент – Бев, «Литературно- критические портреты», т. 1-5, 1836-39). 19 ғ аяғы мен 20 ғғ басындағы шығармалардағы биографиялық әдіс пен психологиялық теориялар.

Потебняның психологиялық әдісі. Психологиялық мектептердің туып, қалыптасуы: В. Вундт, И. Фолкельт, Р. Мюллер – Фрейенфельс, Россияда – Потебня, Д. Н. Овсянко – Куликовский). 3. Фрейдтің психоаналитикалық әдебиеттануы. К. Юнг пен оның мектебінің психоаналитикалық концепциялары.

4. Синкреттік дәстүрлер және оның мектептері.

Шығармашылық пен мәтіннің негізі мифодіни, әмбебаптық деп қарауды мақсат ету. Модернистік және постмодернистік мектептерді ХІХ ғасырдағы классикалық мектептердің көшірмесі деп қарау. (А. Белый, Вяч. Иванов, А. Лосев, И. Ильин, К. Мочульский, Б. Гаспаров, В. Бычков, Л. Карасев, Деррида, Рикер, Барт). Бір рухани көзді әмбебаптау және ең жоғары деп тану (миф, құдай, сөз, тіл, қуат) – мәтінді талдау және эстетикалық акт. Көркем образ–кейіпкерді түрлі аспектілерде зерттеу және пайымдау.

Қазақстан және Ресей ғалымдары еңбектерінде көркем антропология мен имагологияның көрініс табуы: (А. Потебня, М. Эпштейн, В. Палиевский, Г. Гачев, Ш. Елеуқенов, К. Киреева-Канафиева, Ө. Күмісбаев, А. Жақсылықов, В. Савельева, Б. Жетпісбаева, С. Сағалович),

5. Тарихи поэтика мен салыстырмалы – тарихи әдебиеттанудың әдістемелері.

Салыстырмалы әдебиетті зерттеудің пәні. Зерттеудің мақсаты. Салыстырмалы әдебиеттану теориясының міндеттері (А.Веселовский, Ф.Нозль, Ж.Ампер, К.Пишуа, А.Руссо). Дрюшин концепциясы бойынша әдебиетті салыстырмалы түрде зерттеудің мақсаты мен міндеті. Жирмунский мен Конрад еңбектеріндегі Батыс пен Шығыс байланыстары. Неупокаева концепциясындағы әлем әдебиеті тарихы. КСРО-ға ӘӨИ басылып шыққан әлем әдебиеті тарихы. Веселовский, Бахтин, Алексеевтердің салыстырмалы-тарихи зерттеулері.

Әдебиеттердің тең екендігі туралы принцип. Қабылданатын әдеби құбылыстар. Қабылдаушы әдебиет. Қабылдаушы құбылыстардың таңдалуы. Әсер ету теориясының көнелігі. Әлемдік әдеби үдерістегі әдебиеттегі еуроцентристік, шығысцентристік басымдықты сынау. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудағы контактілі -типологиялық байланыстар (Дюришин, Дюма, Жирмунский, Алексеев). Генетикалық-контактілік байланыстар. Әлемдік әдебиеттанудағы сыртқы байланыстар.

Типологиялық байланыстар. Әдеби байланыстардың шарттылығы. Қоғамдық типологиялық ұқсастықтары.

6. Формальды, құрылымдық – семиотикалық мектептер әдістемесі.

Морфологиялық дәстүр және оның мектептері. Мәтін құрылымы мен мазмұнына назар аудару оның басты мақсаттарының бірі. Орыс морфологиялық мектебі: формалистер (Якобсон, Шкловский, Эйхенбаум, Тынянов, Пропп), структуралистер (Лотман, Щеглов, Смирнов, Жолковский, Левин). Шет ел мектебі: (Греймас, Леви-Строс, Тодоров, Мукаржовский). Қоғамдық ғылымдар басқа ғылымдардың баспалдағы. Әдебиеттану мен лингвистиканың интеграциясы. Семиотика таңбалар жүйесі жөніндегі ғылым, XX ғасырдағы өз өзгешелігі бар пәнаралық ғылым. XX ғасырдағы семиотиканың лингвистикалық сипаты. 1960 – 1970 жылдары семиотиканың екі мектебінің құрылуы, француздық (Клод Леви-Строс, Альгирдас Греймас, Цветан Тодоров, Ролан Барт, Юлия Кристева) және тарту-мәскеулік (Ю. М. Лотман, З. Г. Минц, И. А. Чернов - Тарту; В. Н. Топоров, Вяч. Вс. Иванов, Б. А. Успенский, И. И. Ревзин - Мәскеу).

7. Әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану.

Салыстырмалы және әлеуметтік-тарихи әдебиеттанудың арақатынасы. Каузальдық дәстүр және әдеби мектептер. Субъект шығармашылығы себептерін оның эстетикалық актісін қалыптан тыс мақсат ретінде орнықтыру. XX ғасырдағы мектептер: (Сакулин, Переверзев, Луначарский, Бердяев, Френденберг, Пospelов т.б.) Әдебиеттегі зерттеу әдіснамасының теориялық негіздері. Тарихи жарияланымдардағы әдебиетті зерттеу әдістері. Әдебиетті зерттеу әдіснамасының салыстырмалы-типологиялық және әлеуметтік сипаттамасы. Жалпы және салыстырмалы әдебиеттануды теориялық және тарихи поэтика ретінде қарастыру.

8. Салыстырмалы әдебиеттану әдебиет туралы ғылымдағы жаңа бағыт.

Қазақстанда салыстырмалы әдебиеттанудың дамуы. Әлемдік әдеби үдеріс контекстінде XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің типологиялық байланысы. XX ғасырдағы қазақ және орыс әдебиеттері реализміндегі типологиялық ұқсастықтар. Қазіргі қазақ салыстырмалы әдебиеттану-ындағы мәселелер. Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттанудағы бағыттар. Қазіргі қазақ салыстырмалы әдебиеттануының негізгі даму тенденциялары. (Г.Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ш. Айтматов, Е. Ысмайлов, Ж. Дәдебаев, Н. Жуанышбеков, М. Маданова, Ж. Тілепов, Б. Толмачев, С. Әшімханова, К. Рүстемова-Нұргали, А. Ишанова, Ф. Исмайлова).

9. Философиялық-эстетикалық әдебиеттану

Адам мен әдебиетті кешенді зерттеу принциптері. В. Казначеев, Е. Спирин ілімдеріндегі адамның космоғарыштық және әлеуметтік мәдени феномен ретіндегі сипаты. Ноосфергенез және адамның ғылыми адамгершілік тұрғыда дамуы. Бахтин поэтикасының принциптері. Әдеби құбылыстарға ғалымдардың өз еңбектерінде философиялық эстетикалық тұрғыдан келу негіздері. (Г. Гегель, И. Гердер, И. Тэн, С. Кьеркегор, Х. Ортега –и Гассет, Э. Баллер, У. Эко). А. Лосев, С. Аверинцев, С. Артановский, В. Топоров, Д. Лихачев еңбектеріндегі орыс космизмі мен философиясының бірлігі идеясы. О.Сүлейменов шығармашылығындағы мәдениет пен өнердің философиялық негіздері.

10. Мәдени – тарихи дәстүрлер мектебі.

Мәдени – тарихи дәстүр және оның мектептері. Мәтіндегі күрделі және көпфакторлы байланыстарды зерттеу және субъект еркімен туған мәтінді мақсатты мәдениетті уақыт жағынан «үлкен» және «кіші» деп тану. И.Тэннің мәдени тарихи-мектебіндегі орта, уақыт, нәсіл үштік бірлігі туралы ілім, бұл мектеп дәстүрінің Батыс Еуропада дамуы (Де Санктис, В. Шерер, М. Мендес-и-Пелайо), Ресейде: Н. С. Тихонов, А. Н. Пыпин. XX ғасыр мектептері: (Бахтин, Виноградов, Бройтман, Топоров, Михайлов, Манн, Чудаков, Аверинцев, Мелетинский). М. Эпштейннің әдебиеттанудағы гуманистік мектебі.

А.В.Липатов әдебиеттануындағы тойымдылықтың холистикалық балама теориясы. Қазіргі әдебиеттанудағы бахтиншілдік. В.Хализев пен В.Рудневтің мәдениеттанушылық көзқарастары. В.Рудневтің Набоковтың «Ақ жалын» және М.Булгаковтың «Шебер мен

Маргарита» шығармаларын талдауы. Әдебиеттанудағы қазіргі философиялық мәдениеттанушылық концепциялар (феноменологиялық, герменевтикалық, рецептивті эстетика, ақпараттық теория, семиотика, құрылымдық лингвистика, философиялық (көркем) антропология, футурология, мәдениеттану).

М. Хасенов, Ж. Қаракөзова, М. Барманқұлов, В. Бадиков, К. Оразаева, М. Әуезов, А. Қайржанов сияқты Қазақстан ғалымдарының мәдениеттанушылық-әдебиеттанушылық концепциялары.

11. Мәтінтану мектебі.

Мәтінтану дәстүрі және оның мектептері. Мәтінді мақсатты түрде жазу және сақтау. Г. Пауль мен В. Перетцтің филологиялық мектебі, мәтінтанудың тууы. Қазіргі мектептері: Д.Лихачев, Н. Пиксанов, Б.Томашевский, Эйхенбаум.

12. Герменевтика дәстүрі мектебі.

Герменевтикалық дәстүр және оның мектептері. Мәтінді түсінуді мақсатты түрде санадан деп қабылдау. Гуссерльдің философиялық тұжырымы. XX ғасырдағы батыс мектептері. (Дильтей, Яусс, Гадамер). XX ғасырдағы орыс мектептері (Подорога, Линецкий). Рецептор (оқушы).

Әдебиеттануды қабылдау. Восприятие литературы. Герменевтика тарихы. Герменевтика принциптері. Түсіну. Пайымдау. Мазмұны. Мәні. Диалогты герменевтика деп түсіну. Дәстүрлі емес герменевтика. Герменевтика Қазақстан, Ресей, шет ел ғалымдары еңбектерінде. (В. Асмус, А. Белецкий, Ф. Шлейермахер, П. Гайденко, Г. Гадамер, М. Фуко, Г. Шпет, Г. Ишук, М. Кедрова, В. Кривонос, М. Науман, В. Прозорова, Л. Чернец, Г. Мучник).

13. Неомифологизм және мифопоэтика

Архайкалық және классикалық мифтерді оқытудың өзектілігі. Мифопоэтикалық сананы зерттеудің жолдары: психоаналитикалық, юнгтік, дәстүрлі-мифологиялық (Б. Малиновский, Дж. Фрейдер), символдық (Э. Кассирер), этнографиялық (Л. Леви-Брюль), структуралистік (К. Леви-Стросс, М. Элиаде, В. Тернер), постструктуралистік (Р. Барт, М. Фуко) т.б. Мифопоэтика орыс ғалымдарының еңбектерінде (В. Я. Пропп и О. М. Фрейденберг). Мифологиялық сюжеттер мен сарындарды көркем шығармаларда пайдалану. Неомифологизмнің негізгі белгілері. Неомифологиялық поэтиканы дамытудағы Қазақстан ғалымдарының зерттеулері. (С. Қасқабасов, Р. Бердібаев, Б. Байтанаев, Н. Келімбетов, Е. Тұрсұнов).

14. Структурализм және постструктурализм.

Структурализм – қоғамтану ғылымдарындағы жаңа бағыт (лингвистика, әдебиеттану, этнография, тарих т.б.). Құрылымды табу тұрақты жиынтық қатынастар ретінде. Мәдениет таңбалар жүйесі жиынтығы ретінде. Алпысыншы жылдары Францияда таралуы (К. Леви-Стросс, М. Фуко, Р. Барт, Ж. Деррида); Әдеби құбылыстар мен мәтінді құрылым, семиотикалық жүйе ретінде қарастыратын әдебиеттанудағы бағыт. (Р. Барт, Ж. Деррида, Ж. Лакан, М. Фуко, И. Ильин, В. Некрасов, К. Бұзаубағарова, С. Әбішева).

Постструктурализм - философиялық және әлеуметтік қоғамтану саласындағы 1970-1980 жылдардағы структурализмді сынау мен жеңуге арналған жалпы атау. Құрылымдағыны құрылымдағысыз пайымдау. Тілдік құрылымдар көмегімен адам мен қоғамда пайда болған қайшылықтарды тануға тырысу. Лингвистикалық редукциянизмді жеңу, постструктурализмнің мақсаты ретінде жаңа тәжірибелік оқу құрылымын қою.

15. Әдебиеттанудағы феминистік бағыт

Қазіргі батысеуропалық феминистік таным. Мәдениетті ерлер құндылығы жүйесіне бағыттау. Дәстүрлі көзқарастарды феминистік жүйеде қайта қарау. Әйелдер әдебиеті тарихын қалыптастыруға ұмтылу, әйелдер образының бостандығын қорғау, мейірімділік пен басқа да ерекшеліктердің әйелден бастау алғанын қуаттау. Феминистік қозғалыстарды әлеуметтік сынау бағыттары. Феминистік әдебиеттанудың міндеттері, әлемді екіге жарып әділ қарауды орнықтыру, гендерлік бағыттағы әдебиет теориясын

жасауға ұмтылу. Қазақстандағы әйелдер әдебиеттануы. Э. Шоре, Ю. Кристева, Э. Сиксу, Л. Иригарай, С. Кофман, Э. Шоуолтер және Ф. Исмаилованың «Феминистік имагология» еңбектеріндегі феминистік әдебиеттану мәселелері.

16.Ойын поэтикасы.

Ойын адам қызметінің бір түрі. Өнер және ойын. Л. фон Витгенштейн бойынша тілдік ойындар. Й.Хейзинга ойындарының концепциясы. Р. Кайо ойындарының типологиясы. Ойын поэтикасының жолдары мен ұстанымдары, әдебиеттегі ойындық сюжеттер. А.К.Ишанованың «Әдеби ойындар типологиясы. Бароккодан постмодернизмге дейін» кітабы бойынша әдеби ойындар типологиясы мен әдеби бағыттардағы әдеби қаһармандар классификациясын жасау.

17. Постмодернистік әдебиеттану

Қазіргі философиядағы, өнердегі, әдебиеттану мен басқа да қоғамдық ғылымдардағы негізгі бағыттардың бірі. Постмодернизмнің объектісі негізінен мәтін. Постмодернизм қазіргі өнердің, философияның, ғылым мен саясаттың, экономиканың, сексенінші жылдардағы моданың теориялық қондырмасы секілді. Постмодернизмдегі жалпыға тән плюрализм. «мәдени ортақтық» немесе үзінді алу постмодернизмнің бір принципті белгісі. Морфологиялық дәстүр және оның мектептері. Мәтін құрылымы мен мазмұнына назар аудару оның басты мақсаттарының бірі. Орыс морфологиялық мектебі: формалистер (Якобсон, Шкловский, Эйхенбаум, Тынянов, Пропп), структуралистер (Лотман, Щеглов, Смирнов, Жолковский, Левин). Шет ел мектебі: (Греймас, Леви-Строс, Тодоров, Мукаржовский).

Интермәтіндік поэтика. Мәтін түсінігінің мазмұны. Мәтін филологиялық ұғым ретінде. Мәтін семиотика мен мәдениеттану ұғымы ретінде. Постмодернистік концепциялардағы мәтін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Абзал-Ай, 2014.- 640б.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2014.- 640б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Абзал-Ай, 2014.- 640б.
4. Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.- Алматы: ЖОО қауымдастығы, 2015.- 388б.
5. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖГУ, 2017.- 275б.
6. Ақбердиева Б. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе.- Алматы: Арыс, 2005.- 136бет.
8. Қожағұлов С.Қ. Әдебиет теориясы.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2015.- 157б.

Қосымша:

- 1.Тамабаева Қаракөз Ө. Тәуелсіз ел әдебиетінің даму ерекшелігі.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 152б.
- 2.Әлісжан С.Қ. Ғылыми дискурстың танымдық негіздері. Коммуникативтік-прагматикалық аспект.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 168 б.
3. Балтымова М.Р. Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 184
4. Қадыров Ж.Т. Көркем шығарманы талдау мен талқылау жолдары.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 136 б.
5. Қадыров Ж.Т. Тіл мәдениеті және поэтикалық дейксис.- Алматы:ТехноЭрудит, 2018.- 124 б.

1. Жыраулар мәтінін құрайтын басты грамматикалық-морфологиялық тұлғалар.

Әрбір грамматикалық тұлға, атап айтқанда, жалғау, жұрнақ, предикат формаларындағы есімше, көсемше, шылаулар (әсіресе сұраулық шылаулар), демеулік шылаулар, жедел өткен шақ формалары – бәрі де ертеден-ақ мәтінтүзудегі қызметі сараланған, айшықталған грамматикалық тұлғалар болған. Мәтінді тұтас құрылым ететін де, өз алдына жеке аяқталған шымыр дүние жасайтын да осы тұлғалар екенін тілші ғалымдар мәтінталдауда да, мәтінтануда да естен шығармауы тиіс. Мұндай грамматикалық тұлғалар мәтінталдау мен мәтінтанудағы аса қажетті грамматикалық детальдар.

2. Қазақ тілі морфологиясының зерттелуі.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын зерттеген ғалымдардың ішінде А.Ысқақовтың зерттеулерін ерекше бөліп айтуға болады. Оның «Қазақ тілінің морфологиясы» еңбегі оқулық ретінде ЖОО-ларда пайдаланылады. Сонымен егістіктерді зерттеген А.Хасенова, Н.Оралбаева, Ы.Маманов т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

3. С. Аманжоловтың тіл тарихы мен диалектологиясына арналған еңбектері мен Қ.Жұбановтың лингвистикалық зерттеулері.

С. Аманжолов қазақ әдеби тілі мен тілдің тарихына байланысты «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы» атты ғылыми еңбек жазды. Онда қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы өз ғылыми тұжырымын келтірді.

Қ.Жұбанов - арнаулы лингвистикалық білімі бар қазақ ғалымы. Ол қазақ тілінің тарихы мәселесіне, сөйлем құрылымына, қазақ тіліндегі көмекші егістіктерге және термин қабылдау принциптерін орнықтыруға байланысты ғылыми еңбектер жазған. Оның «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты еңбегі бірнеше басылым көрді.

4. Дауысты дыбыстардың архетиптері.

Көне түркі тілінде 8 дауысты фонема мынадай топтарға жіктелген: ашық дауыстылар а, е; жартылай ашық дауыстылар о, у; қысаң дауыстылар ы, і, у, ү.

Жасалу орнына қарай жуан дауыстылар: а, у, ы, ұ, о; жіңішке дауыстылар е, ү, і, ө; ерін қатысына қарай: езу дауыстылар а, е, ы, і; ерін дауыстылары о, ө, ұ, ү сияқты топтарға жіктелген.

Көне түркі жазуы консонанттық негізде құрылған 16 дауыссыз болған.

Көне түркі тілдерінде қ, к, ғ, г фонемалары жеке фонемалық қызмет атқармаған, аллофондық сипатта болған. Яғни 4 дыбыс екі ғана фонемалық көрінісін берген: қ жуан дауыстылармен тіркесе, к жіңішке дауыстылармен тіркесіп келген.

5. Көне түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстар сәйкестігі.

Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болған. Олар мыналар: б, п, д, т, к – қ, г – ғ, й, ч, с, ш, з, м, н, ң, л, р. қ – к, ғ – г дыбыстары дербес фонемалық қызмет атқармаған, к жуан дауыстылармен айтылса, к жіңішке дауыстылармен айтылған, сол сияқты ғ – жуан дауыстымен айтылатын қ дыбысының ұяң варианты да, г – жіңішке дауыстылармен айтылатын к дыбысының варианты ретінде ғана қолданылған. Қысқасы, 4 дыбыс екі дауыссыз фонеманың көрінісі болған.

6. Септеу категориясы және септік жалғаулары. Септеу категориясының даму ерекшеліктері.

Атау септік. Атау септік тұлғасы ескі жазбалар тілінде өзінің тура мағынасында қолданылған: Аганияз ер ағыр бедіміс (М) «Аганияз қою (әдемі) оюлады». Ілік септік. Ілік септік тұлғасының көне жазбалар тілінде мына сияқты фонетикалық варианттары бар: - ың, -ің, -уң, -үң, -ның, -нің, -нуң, -наң, -нәң. т.б. септіктер.

7. Сандардың шығуы туралы пікірлер, зерттелуі. Қасиетті сандар тарихы – 1,3,7,9,40

Тіліміздегі сан, санақ, мөлшер жайлы ұғымды білдіретін сөздер бірнеше түрлі және олар құрамы жағынан да әр түрлі. Сөз таптарының ішінде бір-бірінен өзгеше қалыптасқан,

көпшілігіде бір-бірінен алшақ, бір-біріне сай түспей жататын да осы сан есімдер. Рамстедт алтай тілдеріне ортақ сан есім деп тек қана төрт (4) сөзін көрсетеді. Алтай тілдерінде сөз таптарының басқа түрлері негізгі грамматикалық категориялар ыңғайында бір-бірімен байланысып жататындығы мәлім. Сан есімдер ыңғайындағы бұл ерекшелік, олай болса, халықтардың тарихи даму барысында әр түрлі саяси-мәдени, экономикалық жағдайлардың негізінде ғана пайда болуы мүмкін.

8. Қазақ әдеби тілі.

Әдеби тіл – ғасырлар жемісі, замана төрінен келе жатқандықтан, әдеби тіл оқиғалар мен жағымды жағдаяттардың да, қоғамдық катаклизмалардың да болмыс-бітімін, суретін бойында сақтайтын құбылыс. Сонымен бірге аса қажетті, өте айқын сөз үлгілерін сұрыптау, олардың қолданылуын жазба үлгісі немесе айтылу нормасын басшылыққа алу арқылы тұрақтандыру, сондай-ақ жалғаулар мен сөз тудыру жүйесін сақтау, негізгі тілдік заңдылықтардың орындалуын жүзеге асыру, сөйлем құрау жүйесін бұзбау, үндестік заңын сақтау т.б. тілге байланысты әрекеттер әдеби тілдің атқаратын міндеттеріне жатады. Соның ішінде сөз тудыруда халық тілінде бар негізгі үлгілерді пайдалану арқылы жаңа сөздер мен тіркестерін жасаумен әдеби тіл қоры байып отырады, бұл тұрғыдан баспасөз жаңа сөз тудырудың, жаңа сөздер мен қолданыстарды халыққа қолма-қол жеткізудің көрігі және бірегей құралы деген бағаны зерттеушілер тарапынан бұрыннан алған.

9. Қазақ әдеби тілі және терминология.

Әдеби тілдің дамуының көрсеткіші терминологиялық жүйенің болуы. Әдеби тілдің заңдылығы бойынша терминдер дара, тек бір мағынаны білдіріп, вариантсыз қолданылатын сөздер болып келеді. Терминдерді қалыптастыру принциптері тіл-тілде бар. Термин сөздер арнаулы бір ғылым саласында қолданылатын сөздердің жиынтығы. Ал терминология осы сөздердің жиынтығын, жасалу жолдары мен құрылымын, өміршеңдігі мен тіл тазалығының сақталуын, тіл мәдениетінің талаптарына сай келуін, сөздіктерде дұрыс берілуін қарастырады.

10. Интонация туралы түсінік.

Интонацияның компоненттері. Интонацияның негізгі функциясы. Интонацияның грамматикалық мағыналарды білдірудегі рөлі. Интонацияның сөйлем мағынасын ажыратудағы қызметі. Интонацияның эмоция мен экспрессияны дифференциялаудағы рөлі. Жай сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің интонациясы.

11. Аударманың лингвомәдени ерекшеліктері.

Аударманың лингвистикалық мәселелері тілдің – тілдің барлық деңгейлерін қамтитын күрделі сала. Негізінен аударманың лексико-семантикалық және грамматикалық, стильдік мәселелер қамтылды. Болашақ филологтар өз кәсіби қызметінде аударма мәселесімен де айналысуы мүмкін болғандықтан да, аудармаға қойылатын талаптар және оның негіздерімен таныс болуы тиіс. Аударманың қиын мәселелерін шешудің әдістері мен тәсілдері қарастырылады, Аударма үдерісі Эквивалент емес лексика және оның түрлері. Жалқы есімдерді аударудағы жалпы ережелер төңірегінде эквивалент емес лексиканы аударудың түрлері, транслитерация және фонетикалық принцип, әдеби тілден ауытқудың түрлері және олардың аударылуы т.б. мәселелер қарастырылады.

12. Әдеби тілдің нормасы: кезеңдік сипаты мен тарихилығы.

Қазақ тілі – түркі тілдері тобындағы дамудың күрделі үдерістерін басынан кешіріп, кезеңдік құрылымдық сатылардан өткен тіл. Оны әр жылдардағы фонетикадағы, лексикадағы өзгерістер, емлелік ерекшеліктер мен нормалануы, тілдік заңдылықтардың қалыптану жағдайлары дәлелдеп келеді. Қазақ тілінің нормалану сатыларының жай ғана, еш кедергі-қиындықсыз қалыптаспағанын әр жылдардағы басылымдарда әрқилы болуы және біраз емлелік қиындықтардың кездесуі аңғартады. Емлелік қиындықтардың қазақ әдеби тілінде әлі күнге дейін кездесіп отыруы тілдің дамуы барысында тілдік ережелерді қалыптандырудың біраз уақытты қажет ететінін нақтылай түседі. Бұл қажеттілік тіл дамуы мен тілдің жетілуі процесінің тоқтап қалмай, толассыз жүріп жататынын, оның үзілмейтінін, жалғастығын, сабақтастықпен жүретін үдеріс екенін білдіреді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Макешова Ж.М. Тілдік қатынас негіздері.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 140 б.
2. Сырлыбаева Г.Т. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018.- 150 б.
3. Сыдықов Т. Илияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2016.- 452б.
4. Иманғазин М. Антика әдебиеті оның көне және кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетімен үндестік-байланыстары.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.- 366бет.
5. Орда Г. Мүсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылымының мәселелері.- Алматы: Арда, 2010.- 368 бет.

Қосымша:

1. Рахымов Б.С. Қазақ тарихи жырларының поэтикасы.- Алматы: Эверо, 2015.- 320б.
2. Картаева, А.М. Абайтану.- Алматы: Эверо, 2015.- 272б.
3. Тұржан О. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы.- Алматы: Эверо, 2015.- 244б.
4. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 288 б.
5. Оразғалиева Л.М. Көркем поэзия тілін лингвоталдау.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 180б.
6. Түйте Е.Е. Тіл табиғаты.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 112б.

«Қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері» пәні

1. Әдебиеттанудағы дәстүрлі және жаңа ізденістер мәселелері.

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі ғылыми-зерттеу әдіснамасы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Көркем әдебиет және цензура. Сөз бостандығының көркем шығармашылықтағы көріністері. Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

2. Әдебиетті дамытудың жаңа міндеттері.

Ағартушылық бағыттағы әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің ұлт-азаттық идеяларға ұласуы. Ш.Уәлихановтың қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектері. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедовтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге қосқан үлестері. М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиевтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі концепциялары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу және Б.Кенжебаевтың ғылыми ұстанымдары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуге байланысты бүгінгі көзқарастар. Коммунистік идеологияны ұстанған қазақ ақын-жазушыларына бүгінгі көзқарас. Замана шындығының реалистік суреттелуі және қаламгер позициясы. Көркем шығармашылыққа қойылатын негізгі талаптар және саясат пен поэтика мәселелері. Әдеби шығармашылық және ғылым. Өнердің жұмбақ табиғаты. Шығармашылық психологиясындағы иррациональдық факторлар, оның шығармашылықтағы рөлі және оны бейнелеудің кілттері (код). Әдебиет және ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным негіздері – оны түсінудің, талдаудың, қолданудың қажеттілігі, түрлі әдіс-тәсілдері. Мәдениет және әдебиет. Мәдени дамудың әдеби дамуға түрлі ықпалы. Әдебиеттің мәдениетке ықпалы.

3. Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері туралы қазіргі ой-пікірлер.

Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби сын. Алғашқы баспасөздегі әдеби сынға қатысты кейбір пайымдаулар. 20-30-шы жылдардағы әдеби сын. Ондағы негізгі бағыттар мен көркем шығармашылықтан талап ететін басты критерилер. Ел өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістердің әдеби сынға әсері. Әдебиеттің қондырма ретіндегі қызметі және оның коммунистердің идеологиялық құрал ретінде пайдалануы. Өкімет қаулы-қарарлары мен түрлі әдеби одақтар мен ұйымдардың пайда болу, құрылу себептері. Кеңес дәуіріндегі әдеби сынның қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі.

4. Қазіргі әдебиеттегі жанр табиғаты.

Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Қазақ поэзиясының өткені, кешегісі, бүгіні және ертеңі туралы толғаныстар. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух мәселесі. Махамбет поэзиясы және бүгінгі ақындық өнердегі оның ерлік рухын қайталаушылықтың себеп-салдары. Абай ойшылдығын қазіргі поэзияға әсер-ықпалы. М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев шығармашылықтарындағы ортақ қасиеттер мен ұқсастықтар. Қазіргі поэзиядағы отаншылдық рух мәселесі. Лирика мен поэманың арақатынасы. Лирикадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселесі. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы үйлесімсіздік. Ырғақ мәселесіне байланысты соңғы ғылыми тұжырымдар. Поэзиядағы секіrmелі кезеңдер туралы. Жеке ақын мен қоғам арасындағы саяси-әлеметтік байланыс.

5. Әдебиеттегі уақыт пен кеңістік ұғымдарына байланысты көзқарастар.

Көркем шығарма, әдеби туынды мәтінінің мазмұндық-пішіндік бірлігі туралы жаңа ізденістер. Әдеби шығарманың идеялық мазмұны, оның көркемдік компоненттерінің қызметі. Шығарманы туғызған тарихи кезең және автор дүниетанымы. Автор және оқырман. Әдеби шығарманың ішкі әлемі туралы түсінік, кейіпкер – қаһарманның психологиялық қалпын бейнелеудің жаңа қырлары. Психологиялық орта және автор қиялы. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесі.

6. Герменевтика және рецептивті эстетика.

Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецептивті эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжірибесі. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және оны қабылдау жолдары.

Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығарма жазу мен қабылдаудағы сезім мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешім. Катарсис мақсаты – эстетикалық әсер. Шығарманың сезімталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тілектестік сезімдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезімталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшіру мәселелері.

7. Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері.

Шығармашылыққа қоғамдық сананың әсері, сұранысы мен қаламгердің физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, дүниетанымдық ерекшеліктерінің ықпалы. Шығармашылық психологиясындағы субъективті және объективті факторлардың рөлі. Эстетикалық әсердің автор ақылы өз еркінен тыс тұратын жұмбақ сырларының шығарма мазмұны мен идеясына әсері. Оның табиғатын зерттейтін әдіс-тәсілдердің қазіргі жай-күйі және болашағы.

8. Әдебиет пен дін: тарихи және философиялық байланыстар.

Дүниетаным мәселелеріндегі әдебиеттің орны. Діни көзқарастар және оның көркем жинақталу жүйесі. Адамгершілік және гуманизм идеяларының қазіргі әдебиетте бейнеленуі, проблемалары. Осы бағыттағы көрнекті қаламгерлер ізденістері. Ұлттық және адамзаттық белгілердің синтезі. Әлеуметтік мәселелерді салғырт қабылдаудың, бейнелеудің салдары. Мәңгілік майдан, бітіспес дау идеяларының қазіргі әдебиеттегі

көріністері. Мазмұн мен пішін аясындағы жаңа ізденістер арнасы. Жаңа жанрлық түрлер дамуының бағыттары.

9. Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық мәселелері.

Әуезовтің әсемдік әлемі, талант және шеберлік. Дәстүрге айналған жаңалық және дәстүрлі бұзған жаңалық қатынастары. Таланттың қалыптасуына қажетті өмірлік шығармашылық факторлар. Жазушыны өмірді поэтикалық тұрғыдан көре білу ерекшелігі. Қазіргі кезеңдегі әдебиеттану проблемасы. Жазушының өмір құбылыстарын жинақтап бейнелеуі, көркемдік шеберліктің үлкен үлесі екендігі.

10. Мифопоэтика және архопоэтика.

Әлемдік әдебиеттанудағы аталған ұғымдар туралы пайымдаулар мен пікір қайшылықтары. Қазақ әдебиеті және оның әлем әдебиетімен байланысы. Әлемдік әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы даму сипаты. Батыс елдердегі әдебиеттану ғылымы және қазақ әдебиеті. Қазіргі әдеби-эстетикалық танымдардағы "Батысшылдық" теориясының ықпалы. Шығыс халықтарының эстетикалық ұстанымдары және қазақ әдебиеті.

Драматургиядағы идеялық, тақырыптық жаңалықтар. Қазақ пьесаларының жанрлық тұрғыдан даму, жетілу тенденциялары. Қазіргі драматург және оның кәсіби деңгейі туралы. Қазіргі драматургияның көркемдік жетістіктері және оның әдеби сында бағалануы. Соңғы драматургия саласындағы зерттеулер және олардың ғылыми мәні мен маңызы туралы пайымдаулар. Әлемдік драматургия мен қазақ драматургиясы арасындағы байланыстар мен ерекшеліктер.

11. Қазақ әдебиетіндегі әдеби-эстетикалық пайымдаулар.

Қазақ әдебиетіндегі эстетика мәселесінің зерттелу деңгейі. Ұлттық эстетикалық кенжелеп даму себептері. Эстетикаға бүгінгі көзқарас. Ұлттық эстетика мәселесін зерттеудегі қазіргі пайымдаулар. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың әдеби-эстетикалық көзқарастары. Философия және эстетика. Тіл білімі және әдебиеттану, психология және образ жасау мәселесі. Тарих және көркем бейнелеу. Әдебиеттің эстетикалық болмысы. Оның философиялық негіздері. Көркем шығармашылықтағы характер және психология ғылымы. Әдебиеттің танымдық мәні тарапындағы ерекшеліктері. Әдебиеттің тәрбиелік қызметін арттырудың жаңа жолдары мен тәсілдері. Ұлттық сананы жаңаша тәрбиелеудің, өзгертудің амалдары. Құлдық психологиядан арылту мен отаншылдық рухты көтерудегі әдебиеттің орны.

12. Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері.

Шығармашылыққа қоғамдық сананың әсері, сұранысы мен қаламгердің физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, дүниетанымдық ерекшеліктерінің ықпалы. Шығармашылық психологиясындағы субъективті және объективті факторлардың рөлі. Эстетикалық әсердің автор ақылы өз еркінен тыс тұратын жұмбақ сырларының шығарма мазмұны мен идеясына әсері. Оның табиғатын зерттейтін әдіс-тәсілдердің қазіргі жай-күйі және болашағы. Шығармашылық процестің таңғажайып сәттері, оның шығарма поэтикасына әсері, көрінісі.

13. Әдебиеттегі көркем психологизмнің табиғаты туралы.

Әдебиеттегі психологизмнің мәселесінің зерттелуі. Психологизм табиғаты концепциялары. Психологиялық романның мазмұны мен құрылымындағы психологизм табиғаты. Психологизм түрлері, психологиялық мінездемелер. Психологиялық талдау тәсілдері мен негізгі принциптері. Қазақ әдебиетіндегі психологизмнің дәстүрлік арналары мен жаңа арналары

14. Шығармадағы автор, кейіпкер және оқырман мәселесі.

Автор, кейіпкер және оқырман мәселесін әдебиеттану ғылымында зерттелу жолдары. Автор және оның көркем мәтінді өмірге әкелу жолдары мен оқырман тілегін ескеру себептері. Образ жасау жолындағы жаңаша ізденістер. Жаңаша ойлау және жаңа образ сомдау жолындағы көркемдік ізденістер. Қазіргі әдебиеттегі автор, кейіпкер және оқырман мәселесі және оның зерттелуі

15. Әдебиетті салыстырмалы-жүйелі зерттеу негіздері.

Әдебиетті зерттеудің теотиологиялық зерттеу объективтік-аналитикалық зерттеу принциптері. Тарихи-қызметтік (историко-функциональная) зерттеу. Телологиялық методология және оған қажетті әдіс-тәсілдер.

16. Әдебиеттану мәселелерін тарихи-диалектикалық методология негізінде зерттеу тәсілдері.

Тарихи-генетикалық талдау және оның эволюциялық тегі. Хроникалы талдау және диахронды зерттеу қырлары жүйелі кешенді зерттеулер және синхронды факторлар.

17. Әдеби шығармашылық табиғаты.

Әдебиеттің сөз өнері санатындағы дуалистік сипаты. Шығармашылық және шығармашылық тұлға туралы ежелгі түсініктер. Классицизм және романтизм дәуіріндегі көркем шығармашылықтың табиғаты жайлы ұғым. Позитивистер (О. Конта, И. Тэн және т.б.) еңбектерінің маңызы мен негізгі тұжырымдары. Әдеби ықпал ұғымы. Шығармашылық тұлға туралы Ю. Кристева мен Ч. Ломброзоның интертекстуальдылық теориясы. Әдебиеттанудағы фрейдшілдік бағыт. Әдеби шығармашылық табиғатын пайымдаудағы А. Маслоудың холистикалық әдісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2008.
2. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. Алматы: «Триумф», 2008.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995.
5. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009.
6. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды: «Арқон», 2004.

Қосымша:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; қазақ Университеті, 1992
2. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003.
3. Копыленко М.М. Основа этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» пәні

1. Ғылыми іс - әрекет (ғылыми процесс ретінде).

Ғылымтану алдымен ғылымды зерттеудің алуан түрлі бағыттарының, типтерінің жалпы атауы, олардың ішінен негізгі алтауын бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ғылымды логикалық – гносеологиялық зерттеу, оның пәні ғылыми білімнің өзі, оның құрылымы, оның дамуының логикасы мен диалектикасы болып алады. Екіншіден, тұтасынан алғанда ғылым дамуының нақтылы тарихи процесіне және оның жеке көріністеріне көңіл бөлетін тарихи – ғылыми зерттеулер. Төртіншіден, ғылым дамуының экономикалық проблемаларын зерттеулер. Бесіншіден, ғылым творчествосының психологиясын зерттеулер. Алтыншыдан, ғылымды сан тұрғысынан түсіндіру методы ретінде ғылым өлшеу зерттеулері.

Сонымен, ғылым – күрделі көп өлшемді әлеуметтік құбылыс әрі білімнің түрлі салалары, алуан түрлі нақтылы тарихи жағдайларда оны алуан түрлі жақтарынан зерттейді.

Ғылыми шығармашылық. Теориялық, аналитикалық және эмпирикалық ғылым.

Ғылыми іс - әрекет, оның мақсаты мен ережеліктері. Ғылыми жұмыстың мақсаты – іргелі және қолданбалы міндеттерді шешу. Теория ғылымы өз кезегінде аналитика және өнертапқыш түріне бөлінеді. Аналитикалық ғылым белгілі түсініктер мен заңдарды математикалық өңдеудің есептеу әрекетінен құралады, мұның мақсаты аталған заңдармен құбылыстардың сандық сипаттамасын беру. Эмпирикалық (тәжірибелік) ғылым.

Студенттердің ғылыми- зерттеу жұмыстары – дипломдық жұмыс.

Дипломдық жұмыс бітірушілердің болашақ мамандығына және теориялық, практикалық міндеттерді шешуге даярлығын көрсетеді. Дипломдық жұмыс орындауға қойылатын жалпы талаптар.

2. Ғылыми педагогикалық зерттеу және оның әдіснамалық принциптері.

Ғылыми – педагогикалық зерттеу – жаңа педагогикалық білімді қалыптастыру процесі. Педагогика ғылымының әдіснамасы. Педагогикалық зерттеудің құрылымы мен логикасы. Зерттеулердің негізгі кезеңдері (этаптары).

Дескриптивтік әдіснама – ғылыми білімдердің құрылымы мен ғылыми таным заңдылықтары жөніндегі білім ретінде зерттеу процесіне бағыт – бағдар береді. Ал прескриптивтік әдіснама – зерттеу іс - әрекеттерін реттеп барудың жол жобасын белгілеп, көрсетеді.

Педагогика ғылымының әдіснамасы. Әдіснамалық білімдер тобы төрт деңгейлі келеді. (Э.Г.Юдин). Философиялық, жалпы білімдік, нақты ғылымдық және технологиялық. Әдіснаманың ең жоғары философиялық деңгейі танымның жалпы принциптері мен бүкіл ғылымның категориялар құрылымын негіздейді. Осыдан философиялық білімдердің барша жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады. Екінші – жалпы ғылымдық - әдіснама деңгейінде ғылымдардың баршасында не көпшілігінде қолданылуы мүмкін теориялық тұжырымдарды белгілейді. Үшінші деңгей – нақты ғылым әдіснамасы қандай да нақты ғылыми пән аймағында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жиынтығын құрайды.

3.Зерттеудің мәселесі мен тақырыбын анықтау – ғылыми ізденістің алғашқы кезеңі.

Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі. Зерттеу тақырыбын негіздеу. Проблеманы қою және дамыту. Әлеуметтік өзгерістердің білім технологиясы мен әдістемесінің мақсаттарын, мазмұнын жаңартуға ықпалы. Тақырыпты таңдау мен проблеманы анықтау. Тақырыппен жұмыс кезеңдері.

Ғылыми әдебиетпен жұмыс.

Әдебиеттерді таңдай білу, библиографиялық тізімді құру талаптары. Интернеттен алынған мақалалар, дәйексөздер әдебиеттердің жалпы тізімдерін рәсімдеу. де төмендегідей көрсетіледі: Мәтінді рәсімдеудің жалпы ережесі.

Ғылыми мәтіндер. Аннотацияның (абстрактының) жазылуы. Рецензия.

Ғылыми мәтіндер (рецензия, анотация, цитата, конспект, көшірме, тезис) құрастыру. Тіл білімі бойынша жазылған ғылыми еңбекке аннотация жазу ерекшелігі. Монографиялық еңбек, стильдік-жанрлық ерекшелігі. Зерттеудің ұғымдық-терминологиялық аппаратын жасау.

Ғылыми педагогикалық зерттеулердің алғашқы қойылу кезеңі.

Зерттеу пәнін анықтау. Теориялық кезең және зерттеу деңгейі. Эмпирикалық кезең.

Ақиқат фактілері – бұл болатын немесе негізінде болып жатқан құбылыстар, оқиғалар, зерттелетін объектілердің әр түрлі жақтары, қасиеті, қатынасы.

Ғылыми фактілер – бұл санамен бейнеленген ақиқат фактілері, олар ғылым тілінде, эмпирикалық пайымдаулар түрінде тексерілген, яғни міндетті түрде тексерілген фактілер жиыны. Құбылыс түсіндірмелерін, заңдарды сандық және сапалық формадағы тұжырымдамасын тану.

Ғылыми педагогикалық зерттеудің жүргізілу процесі және қорытынды кезеңі.

Ғылыми педагогикалық зерттеуді жүргізу процесі.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының басқа түрлері.

Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмысы – алынған білімдерді, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдана алуға қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі.

Ғылыми педагогиканың зерттеу әдістері.

Зерттеу әдістері және олардың жіктелуі. Зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы. Эксперимент әдісі және оны жүргізу принциптері. Зерттеу әдістемесінің дайындығы

ғылыми ізденіс логикасына орай жүргізіледі. Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамадан өзгешелігі. Әдістер көп түрлі де сан қилы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыралады: 1) педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері; 2) теориялық зерттеу әдістері, 3) математикалық әдістері. Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында қолданылатын әдістер: бақылау, әңгімелесу, интервью, сауалнама жүргізу, білімгерлердің жазба, графикалық және шығарма жұмыстарын талдау, педагогикалық құжаттармен танысу.

Бақылау жұмысының кезеңдері. Бақылау түрлері: араласа бақылау – ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады; сырттай бақылау – зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды; ашық және жасырын бақылау; тұтастай және таңдамалы бақылау.

Эксперимент - белгісіз және анық емес нәтижелермен түсіндірілетін ғылыми-зерттеу жұмысы. Эксперимент - болжауды (гипотеза) тексеру. Эксперимент - бір ізденушімен шығарылған әдістеме немесе жаңа шарттармен жасалған технология, өлшем жүйесі. Эксперимент - білім мекемесіндегі іздену жұмыстары.

Модификациялық - белгілі әдіс –тәсілдерді өзгеіске ұшыратып, түрлендіріп, жаңашаландырып көрсету.

Комбинаторлық - жаңа элементтерді танымал бұрынғы әдістермен кіріктіру. (бұл тиімді эффект береді немесе жаңа технология туындайды).

Радикалдық - (инновациялық) принципті түрде жаңашылдықты тудыратын наворлық жағынан қарау,бұрын-соңды қайталанбаған жоба.

4.Теориялық және тарихи педагогикалық зерттеудің әдістері.

Теориялық зерттеу әдістерінің мәні. Теориялық деңгей әдістері. Тарихи педагогикалық зерттеу әдістері.

Ғылымның қазіргі әдістері, соның ішінде педагогикалық әдістер мен теорияның негізін қайтатын бірнеше компоненттерден тұрады; а) фактологиялық материалдың бастапқы эмпирикалық негізі, ол теориялық түсіндірмені талап етеді; ә) бастапқы теориялық негіз, ол зерттеу объектісін суреттейтін алғашқы жорамалдардан, аксиомалардан, болжамдардан және теориялық пайымдаулар жиынтығы; б) теорияның логикасы мен қырылысы; в) эмпирикалық дәлелдері бар теориялық пайымдаулар жиынтығы; г) педагогикалық теорияны қалыптастырудың әдіснамалық негізі, ол дәріптелінген объект пен оның теориялық моделін суреттеумен байланысты.

5.Зерттеу әдістері.

Анализ және синтез.

Талдау түрлері: эмпирикалық материалды механикалық бөлу; тұтастың құрамындағы элементтердің өзара қатынасы формаларын анықтау; білім құрылысын ашу; зерттеу объектісін сипаты мен динамикасын анықтау. Конъюнкция (лат. одақ, байланыс) ережесін қолдануға болады, бұл ереже бойынша екі немесе одан да көп пікірлерді бір күрделі сөйлемге біріктіруге болады. Анализ бен синтез диалектикалық түрде бір – бірімен тығыз байланысты.

Абстракциялаудың екі түрі бар; талдап қорыту және жекелеп бөлу. Талап қорыту – көптеген біріңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу – бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін бөліп алу процесі.

Дәріптеушілік – дерексіздендірудің бір түрі, оны ғылыми танымның жеке тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері; бұл әдістің көмегімен эмпирикалық деректер қорытындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар анықталады.

Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын анықтау үшін қолданылады.

Модельдеу – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен

алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да екінші объект оның моделі болады.

Болжау әдісі зерттеушінің қатынасынсыз педагогикалық жүйе немесе білім беру жүйесінің қозғалысын көрсету үшін қолданылады. Зерттеу нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсетерге, кеселерге, графиктерге, сызбаларға, диаграммаларға, формулаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесі қажет.

Эмпирикалық зерттеу әдістері.

1. Бақылау әдісі.
2. Педагогикалық эксперимент.
3. Сұрақ – жауап әдістері.
4. Жаңашыл педагогтардың тәжірибесін зерттеу.
5. Педагогикалық құжаттарды зерттеу.

6.Инновация.

Инновация – педагогикалық процесс оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету.

70 – 80 жылдары Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталовтардың жаңашылдық іс-тәжірибесі сол кездегі ұстаздар қауымының тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

Инновациялық іс - әрекет – қоғамның әлеуметтік – экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс - әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу – тәрбие жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс - әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық процестің кезеңдері:

- инновацияның себептері;
- жаңалықты жобалау;
- жаңалықты жүзеге асыру.

7.Тіл білімін зерттеудің жаңа бағыттары (парадигмалары).

Тіл философиясы, тілдік танымның философиялық қағидалары. Семиотика және лингвистика арақатынасы, тілді зерттеудегі логикалық заңдылықтардың маңыздылығы. Лингвистикалық компаративизм.

8.Филологиялық зерттеу әдістері.

Тілдік зерттеудің теориялық әдістері. Филологиялық зерттеуде жалпығылыми әдістерді пайдалану. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Құрылымдық-функционалдық әдіс. Когнитивті-дискурсивті әдіс. Психолингвистикалық әдіс. Филологиялық зерттеудің библиографиялық әдістері. Ғылыми әдебиетпен жұмыс. Ғылыми деректердің электронды қорларын пайдалану (EBSCO, Springer, Elsevier, ИНИОН, rmeb, kazneb.kz). Ақпараттың инновациялық көздері.

9.Ғылыми этика, академиялық адалдық.

ПОҚ мен студенттер үшін академиялық адалдық қағидалары. Академиялық адалдық мәдениетін құру. Академиялық адалдықтың құқықтық негіздері:саясаты, стратегиялары, тәсілдері және тәжірибелері (халықаралық тәжірибе). Білім беру ортасындағы академиялық адалдық үшін күрес.

10.Ғылыми-зерттеу жұмысын апробациялау тәсілдері.

Ғылыми-зерттеу жұмысын талқылау, баяндама жасау, пікірталас, жазбаша және ауызша реценция.

12.Ғылыми орталық жұмысын ұйымдастыру.

Ғылыми орталық мақсаты, қызметі. Орталық бағытына сәйкес инновациялық-білім беру жобаларын дайындау мен жүзеге асыру. Орталық жұмысында қолданылатын заманауи материалдық-техникалық база.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі:

1. Ғабитов Т.Х., Алтаев Ж.А., Байтенова Н.Ж. Философия “Раритет” А. 2004 Қазақ тілінде.
2. Ғабитов Т.Х., Алтаев Ж.А., Байтенова Н.Ж. Философия “Раритет” А. 2004 Орыс тілінде.
3. Алтаев Ж.А., Ғабитов Т.Х., Қасабек А.К., Муханбеталиев Қ.М. Философия және мәдениеттану А.: Эверо, 2004.
4. Алтаев Ж.А., Қасабек А.К., Мұханбеталиев Қ.М. Философия тарихы. А.: Жеті-жарғы, 1999.

Қосымша:

1. Кішібеков Д., Сыдыков Ұ. Философия. Оқулық. - Алматы, 1994.
2. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. - А., 2001.
3. Элеуметтік философия (Хрестоматия). - Алматы: Ақыл кітабы, 1997
4. Әбішев Қ. Философия. Оқулық. - Алматы: Ақыл кітабы, 1998
5. Мырзалы С. Философия. - Алматы: Бастау, 2011

«Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» пәні

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі – оқушылардың тілдік, әдебиеттік және мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылым саласы. Бұл пән оқу-тәрбие процесінде тілді меңгерту, әдеби шығармалар арқылы рухани-адамгершілік тәрбиесін беру, танымдық қабілеттерін дамыту жолдарын зерттейді. Төменде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты толық сипаттама және білу қажет барлық мәселелер жүйеленіп берілген.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі – тілді және әдеби шығармаларды оқытуда қолданылатын ғылыми негізделген принциптер, әдістер, тәсілдер, құралдар мен оқыту технологиялары жүйесін зерттейтін педагогикалық ғылым саласы.

Оқушылардың коммуникативтік (қарым-қатынас) дағдыларын дамыту.

Тіл мәдениетін қалыптастыру.

Әдеби шығармалар арқылы эстетикалық, патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Тіл мен әдебиет арқылы ұлттық сананы қалыптастыру.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ғылыми негіздері

Педагогикалық. Оқытудың мақсат-міндеттерін, оқушының жас ерекшеліктерін ескеру.

Психологиялық. Тілді меңгеру мен әдебиетке қызығушылықты психологиялық тұрғыдан зерттеу.

Лингвистикалық. Тілдік заңдылықтар, грамматикалық құрылым, фонетика, лексика.

Әдебиеттанулық. Әдеби шығармалардың көркемдік құндылығын талдау, жанрлар мен бағыттар.

Методикалық. Оқыту әдістері, тәсілдері, технологиялары, бақылау және бағалау жолдары.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің негізгі бөлімдері

Бұл мәселеде оқытушы ретінде орта және жоғары білім беру жүйесіне қойылатын басты талаптар нақты ажыратылуы керек. Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың басты әдістемелік аспектілері, құрылымы мен жүйесі, оның тарихы толық қамтылады. Сонымен қатар, білімгерлердің тіл мен әдебиеттің басты салаларын меңгерудегі байқалатын тенденцияларға анализ жүргізе алу қажет. Түрлі мазмұндағы пәндерді оқытуда ұстанатын қағидаларды ескеріледі. Оқытушы әрі зерттеуші ретінде айқындалатын мәселелерге жауап қата білу маңызына мән беріледі.

Орта білім беру жүйесінің басты концепцияларын білу, әдістемелік қағидалар, тілді үйретудің тиімді тәсілдерін меңгеру жолдарын айқындалады. Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері негізінде оқу мақсаттарын белгілеу, оларды жүзеге асыру, сабақ жоспарларын жасау секілді әдістемелік білім қорын игеруге басымдық беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі:

1. А.Әбілқаев, Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту. – Алматы, 2015
2. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Оқу құралы). – А., 2015.
3. Әлімжанов Д. Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы - Алматы: Мектеп, 2015. - 247б.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 2016.
5. Рахметова Р. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018.

Қосымша:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және мектепте қазақ тілін оқыту. А., 1982
2. Қыдыршаев А. Шешендік тануды оқытудың ғылыми-әд. негіздері. – А., 2001.
3. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – А., 2008. – 50б.
4. Жапбаров А. Стилистиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 1995
5. Құлмағамбетова және т.б. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1988
6. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. – А., 2004. - 61б.
7. Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2005. - 50б.
8. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 146б.

**Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
меңгерушісінің м.а**

Ш. Кыхметова

**БББ жобалық кеңсенің
жетекшісі**

М. Шмидт

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

Д. Солтанова

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**

Б. Таубаев